

Тәуелсіз еліміз тарихындағы тамаша тағылымдардың бірі-ел Астанасының киелі аспаны астына,қазыналы қазақ жерінің кіндік тұсы ,Еуразия құрлығындағы тоғыз жолдың торабы, ежелгі мекен Ақмолаға көшірілуі. Есілдің сол жағалауындағы бос жатқан алқапта әлемдік сәулет өнерінің озық үлгісіндегі жаңа қала бой көтерді.Астаны көшіру Қазақстанды нығайту,бейбітшілігімізді бағыттау болды.Астананы ауыстыру экономикамызды нығайту,дамыту деп саналды. Астананың Алматы қаласына көшуі халықтың тығыздылығы мен экологиялық жағдайы әсер етті.

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы-Астана.Астана-армандардың орындалған қаласы. Ол жыл өткен сайын көркейіп келеді.Үлкен, биік, зәулім ғимараттар салынуда. Астананың жетістері жайлы теледидардан көріп, жиі тамашалаймыз. Бірде теледидардан океанариум жайлы хабар беріп жатыр екен. Ондағы алып балықтарды көріп таң-тамаша болдым. Ол Есіл өзенінің бойында, Сарыарқада жерінде орналасқан. Аз уақыттың ішінде қала танымастай өзгерді. Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы,Парламент үйі, «Интернациональ» қонақ үйі, жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған қаланың ортасында 5 жұлдызды «Алатау» қонақ үйі салынды.

Астана жаңарудың қайнар көзіндей танымастай өзгерді. Инвестицияның есімі мен құрылыстың қарқын алуы нарықтық мүдделер мен мемлекеттік басымдықтарды сәтті ұштастыруда. Жедел құрылыстар мен қалалық инфрақұрылымның дамуы ел экономикасын биікке көтерді. Астана қаласында 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады.Қала тұрғындарының саны 58 мың адам. Астана қаласы 200 км.кв. аумақты алып жатыр. 1998ж.ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп,медальмен марапатталды. Елбасымыздың күш салуымен еліміз көркейіп келеді. Заман талабына сай зәулім ғимараттар әлі де жарыса бой көтерері сөзсіз.

Астана-алты алаштың айдары, алқалы елдің айбары. Болашақ жаңа технологиялар мен инновацияда десек, адамзаттың жаңа жетістіктерінің «бел ордасы» болу елордамыздың еншісіне тиіп отыр!

Бас қаламызда өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі «Үшінші жаһандық индустриялық революцияның » символына,техникалық жетістіктер паш етілетін әлемдік ашық алаңға айналмақ.

ЭКСПО-17 туралы айтатын болсам:Елордамызда ғылым мен техниканың ең үздік дүниежүзілік жетістіктері ұсынылады. «Жасыл» экономика саласындағы жетістіктер паш етілетін осы әлемдік көрме үшін Астана қаласы жанында арнайы қалашық бой көтермек. «Жасыл» экономика жолына түсу,баламалы энергия көзіне көшу-қазіргі кезде біздің ғана емес, бүкіл дүниежүзі алдында тұрған маңызды мәселе. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің де қалаға қосар үлесі зор болмақ.

Жер бетіндегі әсемдік пен әдемілік,сәулет пен тыныштық символы саналатын астаналар саусақпен санарлық.Соның ішінде Құлагердей алға мойн созып,көңілдің көк дөненіндей жылдам дамып,халқының мақтанышына айналған қаланың бірі емес,бірегейі-атыңнан айналайын-Астанам!

Төрткүл дүниенің қай бұрышынан қарасаң да өз бойына ған тән таңдауы бөлек табиғатымен, аспанмен тілдескен Астана көзіңе атқан таңдай көрінеді.Астана-әсем шаһар. Көрсең көзің тоятын сұлулықты өн бойына сыйдырып тұрған сүйкімді қала. Елбасының басты туындысы саналатын Астананың аты асқақ, мәртебесі биік. Бүгінде елорданы бүкіл әлем таниды.

Астананың болашағы келер ұрпақтың,бүгінгі жастардың қолында Сол үшін бүгінгі ұрпақ бас қаламызды қадірлеп,қастерлей білуі тиіс деп есептеймін.Әрбір тасын,әрбір әрбір гүлін,әрбір кірпішін көзіміздің қарашығындай сақтау керек.Сонда ғана Астанамыз көркейіп,келешегі жарқын болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев еліміз үшін көп еңбек етіп,маңдай терін төкті. Экономикамыздың көтеріліп,еліміздің дүние жүзіне танылуына зор үлес қосты. Астана қаласын дамытып, әсем қалаға айналдырды. Елбасына мықты денсаулық, Астанаға баянды бақ тілеймін.

Астананы өз көзіммен көргім келеді! Мен Астананы «Дәулетті елдің, сәулетті орталығы» деп мақтанышпен айтар едім.